

**Мәслихаттың 2014 жылғы 28 ақпандағы № 155 "Қостанай облысы Жангелдин ауданының Қарасу ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2017 жылғы 18 мамырдағы № 101 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 маусымда № 7092 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2018 жылғы 17 мамырдағы № 172 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 17.05.2018 № 172 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Жангелдин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 28 ақпандағы № 155 "Қостанай облысы Жангелдин ауданының Қарасу ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4588 тіркелген, 2014 жылғы 24 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Қостанай облысы Жангелдин ауданының Қарасу ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларында:

2–тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Қарасу ауылының аумағындағы ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі .";

8–тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Қарасу ауылының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Жангелдин аудандық мәслихатымен бекітілген сандық құрамына сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қ. Ордабаев*

*Жангелдин аудандық*

*мәслихатының хатшысы*

*С. Нургазин*

"КЕЛІСІЛДІ"

Жангелдин ауданының

Қарасу ауылының әкімі

\_\_\_\_\_ С. Оразбаев

2017 жылғы 18 мамыр